

Қазақ елінің этноантропологиялық тарихы хақында

О. Смағұлов

Қазақ халқының тәуелсіздіктің 20 жылдығында қол жеткен кешенді табыстары бұл күнде әлемді қайран қалдырып отырғаны баршаға аян. Еліміздің кемелдене түсуі ғылымның, оның ішінде тарих саласының дамуына кең өріс ашқаны барлығымызды қуантады.

Тарих ғылымының құрамдас бір бөлімі антропология деп аталады. Антропология – адам мен адам морфологиясының құрылымын және нәсілдік шығу тегін, оның дене құрылысы эволюциясын, биоэлеуметтік өзгеру заңдылықтарын зерттейді. Соңғы жылдары халқымыздың антропологиялық тарихы бойынша іргелі де кешенді зерттеулер жүзеге асырылуда.

Осыған орай аталмыш мақалада қазақ халқының мыңдаған жылдық тарихы бар этноантропологиялық даму жолына назар аударғанды жөн көріп отырмыз. Ондағы негізгі мақсат – халқымыздың антропологиялық этнотарихи даму бағытына барынша шынайы тұрғыда зерделеп, оның қол жеткен нәтижелерін бүгінгі әлем алдында объективтік тұрғыдан мейлінше кеңінен танымал ету. Қазақ халқы өз ата-бабаларының жерінде төрт мың жыл бойы ұрпақ жалғастығын үзбестен мекен етіп келе жатса да, күні бүгінге дейін толыққанды антропологиялық этнотарихтың нақты жазылмай келе жатқаны ғалымдар мен оқырман қауымды алаңдатып отырғаны анық. Демократия ұранын жалау етіп, еліміздегі кейбір еуроцентристер мен саясаткерлердің ұлтымыздың этноантропологиялық тарихи болмысын бұрынғы кеңес үкіметінің саяси сарындары бойынша бұрмалап түсіндіріп жатқандары да мәлім. Олардың қазақтың мыңдаған жылдық антропологиялық тарихы жайлы ешбір ғылыми дәйексіз жазғандары қайран қалдырады. Осындай жүгенсіз пікірлерді әшкерелеп, оқырманды халқымыздың шынайы этнотарихымен таныстыру антрополог-ғалымдардың бүгінгі күнгі кезек күттірмес міндеті болмақ. Осы тұрғыда бұл шағын еңбегімізде қазақ ұлты антропологиялық негізінің бастау алған кезеңінен бастап, оның динамикалық өсу жолдары арқылы бүгінгі физикалық құрылымының ерекшеліктеріне айтарлықтай сипаттамалар беруге, қысқаша болса да антропологиялық артефактілерді жүйелі түрде сипаттауға тырыстық.

Бұл арада алдымен тақырыпқа орай алдын ала бірер түсінік бере кеткенді жөн көріп отырмыз. Қазақ халқының этномәдени тарихы «Қазақстан» атауының қалыптасуынан-ақ көп бұрын ата-бабаларымыздың көне жұртынан бастау алғанын бұл күнде кешенді ғылыми зерттеулер айғақтап отыр. Шынтауайтына келгенде, қазақ халқының антропологиялық қалыптасу негізі хронологиялық тұрғыда «Қазақстан» атауымен салыстырғанда өте ауқымды және айтарлықтай терең тарихи мағынаны білдіреді. «Қазақстан» атауы алғаш рет ортағасырдың аяғында, қазақ халқы мен мемлекетінің қалыптасу кезеңінде айтыла бастағаны белгілі. Бұл терминде айтарлықтай этникалық, ұлттық мән жоқ, мұнда тек географиялық-әкімшілік мағына ғана орын алған және осы мағынасында пайдаланылып келеді. Жалпы «Қазақстан» атауы этникалық тұрғыда ұлттық болмысты толық қамтиды деп айта алмаймыз, ол географиялық сипатта қолданылатын термин. Оны мына бір жайдан айқын байқауға болады: «Қазақ» этнонимінің ұлттық мән-мағынасын пайдаланбай «Қазақ хандығы» атауын «Қазақстан хандығы» деп, ал «Қазақ КСР» дегенді «Қазақстан КСР» сияқты атаулармен алмастыра алмайтынымыз анық. Бүгінгі кейбір саясаткерлердің арасынан осындай этникалық мағынасы жоқ атауларға қолдан жасанды ұлттық мағына бермекші болып жүргендері кездесіп қалады.

Ғылыми категориялық логика негізінде ата-бабаларымыздың ежелгі биоәлеуметтік тарихын ескере отырып, өткен дәуірлерді «Көне Қазақ жұрты» деп атасақ, ал оның бүгінгі тарихи сабақтастығы – Егеменді еліміздің атын «Қазақ Елі» деп алсақ, этникалық және ұлттық ұғымдардың мәні мен мағынасын ақиқат тарихымызға біртабан жақындатқан болар едік.

Бұл пікіріміздің айқын дәлелі ретінде тәуелсіз елімізде іргелі тарихи оқиғалар орын алып отыр. Астанамызда «Қазақ Елі» атты тарихи аса құнды тәуелсіздік монументі ашылды, Отанымыздың 20 жылдығына арнап «Мәңгілік Ел» триумфалдық қақпасы салынды. Бұлардың мемлекетіміздің мәртебесін асқақтата түсетін, өткен заман мен бұл дәуірде бүкіл түркі әлемінде ғажайып теңдесі жоқ ескерткіштер екендігі айқын. Бұл туралы түсінікті бұдан бұрын да айтқан болатынбыз [1].

Егеменді еліміздің қарқынды дамуы барысында ғылым, оның ішінде тарих ғылымының антропология саласында іргелі жетістіктерге қол жеткіздік. Бүгінгі физикалық антропологияның кешенді зерттеу нәтижелері (соматология, одонтология, серология, дерматоглифика, краниология, т.б.) қазақ халқының мыңдаған жылдар барысында қалыптасқан өзіндік морфофизиологиялық құрылымын нақты анықтап отыр. Сонымен қатар қазақ популяциясының Еуразияның барлық этникалық топтары арасында өзіндік жеке антропологиялық статусының бірегейлігі ғылыми деректермен анық дәлелденді. Соның арқасында әлем халықтарының антропологиялық классификациясында қазақ ұлты еуропеоид және монголоид расаларының* аражігінен орын алатыны ғылыми тұрғыда жан-жақты сараланды. Қазақ халқы аралас тураноидтық топқа жатады. Оның ішінде дара қазақстандық вариантын құрайды [2].

Сөйтіп бұл күнде қазақ антропологиясы құрамының бір бөлегін еуро-пеоид, ал оның екінші бөлегі монголоид компонентінен тұрады екен.

Бұл компоненттік құрылымның шартты үлесін анықтау үшін Г.Ф.Дебецтің ғылыми айналымға енгізілген антропологиялық әдістемесін қолдандық [3]. Осы әдістемелік зерттеу арқылы алынған бүгінгі халқымыздың морфо 30%-ға тең болып шықты. Ал қалған үлесін, яғни 70%-ын монголоид элементі құрайды екен.

Бұл арада аталмыш екі расаның қазақтар арасында қайсысы жергілікті, қай расалық тип қаншалықты көлемде кірмелік жасаған деген сауал туындайды. Бұған нақты жауапты Көне Қазақ жұртынан жиналған палеоантропологиялық материалдар арқылы беруге болады. Ол үшін Көне Қазақ жұртының неолит (бұдан 7–5 мың жыл бұрын) пен қола дәуіріне (б.з.б. XX ғ.) жататын бас сүйектерінің (краниологиясының) морфологиялық ерекшеліктеріне назар аударғанды жөн көріп отырмыз. **Неолит** дәуіріне жататын бас сүйектер Көне Қазақ жұртында өте аз көлемде табылған. Неолит бас сүйектерінің краниологиялық анықтамаларына қарағанда аталмыш дәуірдегі тұрғындардың морфологиялық ерекшеліктері бір ғана көне еуропеоид тектес болғаны байқалады. Оның нақты көрінісін Маңғыстау өңірінен археологиялық қазба жұмысы кезінде табылған мына бір бас сүйектің Мәскеудегі М. Герасимов атындағы зертханада антропологиялық тұрғыда қалпына келтірілген бюстінен* байқауға болады (*қараңыз*: 1-сурет). Осы сияқты бейне көріністері бар адамдар Көне Қазақ жұртында неолит дәуірінде таралым алғаны күмән туғызбайды. Дәл осындай антропологиялық анықтамаларды сол заманның көршілес Орта Азия мен Орал өңірінің аймақтарында мекен еткен тайпаларынан да байқауға болады.

Қола дәуіріндегі Көне Қазақ жұрты тайпаларының бас сүйектері айтарлықтай көлемде табылғандықтан олардың морфологиялық құрылымдарына назар аударайық. Аталмыш дәуірдің краниологиялық сериялары бүгінгі Қазақ Елінің барлық аймақтарынан жиналды.

Бұл краниологиялық сериялардың анықтамаларына қарағанда аталмыш дәуірде Көне Қазақ жұртын мекен еткен тайпалардың морфологиялық ерекшеліктері біртектес және бір-біріне морфологиялық тұрғыда жақын болғандығын байқатады. Жинақталған серияларына орай берілген сипаттамаларға қарағанда (1-кесте) жалпы бас сүйек формасы (ерлер тобында) негізінен орта жұмыр бастылар (мезокrania) құраған. Бет сүйегінің биіктігі өте аласа, ал оның ені өте жалпақ, бет сүйегінің горизонталдық жазықтығы үшкір, мұрын сүйектерінің бұрышы жоғары болып келген. Осы сияқты морфологиялық анықтамаларды жыныс ерекшеліктеріне орай әйелдер сериясынан да айқын көре аламыз. Жалпы екі жыныс бойынша алынған антропологиялық сипаттамаларға қарағанда Көне Қазақ жұртының қола дәуірі тұрғындары тек еуропеоид тектес болғаны күмән туғызбайды. Бұл анықтаманы олардың бас сүйектері арқылы антропологиялық қалпына келтірілген мүсіндерінен анық байқауға болады (*қараңыз: 2-3 суреттер*). Сонымен Көне Қазақ жұртында өмір сүрген қола дәуірі тайпаларының морфологиялық құрылымында ешқандай монғолоид элементінің байқалмағандығын көрдік. Бұл алынған краниологиялық анықтаманың негізгі ғылыми маңыздылығы сонда, қола дәуірінде Көне Қазақ жұртын мекен еткен тайпалар физикалық антропология жағынан расогенездік даму сатысының негізін қалаушылар қатарына жатады.

Бұл жерде айта кететін бір жайт, неолит пен қола кезеңдерінде көне еуропеоид тектес раса топтары сонау Пиреней түбегінен бастап батыс Гоби шөлейтіне дейін кең таралым алған кезең болып саналады. Бірақ осыншама кең аумаққа таралған көне еуропеоид раса тектерінің Батыс пен Шығыс Еуропа және Орталық Азияның батыс аймақтарында өзіндік жергілікті морфологиялық ерекшеліктері де болды. Солардың бір нұсқасы – Көне Қазақ жұртында тұрақты өмір сүріп, өздерінің көне материалдық-мәдени ерекшеліктерін және антропологиялық қауымдастығын қалыптастырған жергілікті тайпалар еді.

Енді осыған орай, Көне Қазақ жұртында қола дәуірінде өмір сүрген тайпалар антропологиялық типінің дәуірлік даму динамикасына назар аударайық. Бұл арада алдымен аталмыш дәуір тұрғындары краниологиялық сипаттамаларының келесі этнотарихи ***ежелгі темір дәуірінде*** қаншалықты краниологиялық өзгерістерге ұшырағанын қарастырып өту керек. Ол үшін бүгінгі Қазақ Елінің барлық аймақтарынан айтарлықтай көлемде жиналған ежелгі темір дәуірі (б.з.б. VIII-IV ғғ.) краниологиялық серияларының жыныс ерекшеліктеріне орай зерттелінген нәтижелерге тоқталайық (1-кесте).

Бұл дәуірге байланысты жиналған екі жыныс бойынша краниологиялық сериялардың зерттеу анықтамаларына қарағанда қола дәуірі тұрғындарын дай жергілікті тайпалар морфологиясында көне еуропеоид компоненті толығымен сақталып қалған. Былайша айтқанда, көне жұртымыздың қола мен ежелгі темір дәуірі тайпалары арасында өзара морфологиялық сабақтастық пен ұрпақ жалғастығы барлығын толық байқай аламыз. Сонымен қатар ежелгі темір дәуірінің сериясында (екі жыныста бірдей) кейбір краниометриялық ерекшеліктері барлығын да жоққа шығара алмаймыз. Аталмыш морфологиялық ерекшеліктер мына тұрғыда байқалады: бет биіктігінің көтерілуі мен оның енінің біраз кеңеюі және бет горизонталі бұрыштарының аз да болса жазықтану формасы, мұрын сүйектерінің біраз төмендеу жайы және т.б. Жалпы мұндай таксономиялық мәні жоғары атау-лар анықтамаларының бір бағытта жоғарылауы негізінде монғолоид тайпалары ықпалының әсері екендігін байқатады. Осыған орай Г.Ф.Дебецтің әдістемесі арқылы ежелгі темір дәуірі тұрғындарына аталмыш антропологиялық компоненттің қаншалықты әсер еткендігінің деңгейін анықтай кетуді жөн көрдік.

Мартин нөмерлері	Краниометриялық атау	Хроно- логия	Қола дәуірі	Ежелгі Темір дәуірі	Антикалық дәуір	Түркі дәуірі	«Монғол» дәуірі	Жаңа дәуір
		Автор	б.э.д. XX-IX ғғ.	б.э.д. VIII-IV ғғ.	б.э.д. III ғ. - б.э. IV ғ.	б.э. V-XII ғғ.	б.э. XIII-XV ғғ.	XVI- XX ғғ.
			Дебец, Гинзбург, Смағұлов	Гинзбург, Смағұлов		Гинз- бург, Сма- ғұлов	Сма- ғұлов	
1	Бас сүйек ұзындығы	186,6 (29)	182,5 (45)	181,4 (67)	180,5 (68)	179,9 (38)	180,7 (184)	
8	Бас сүйек ені	141,5 (29)	145,1 (45)	145,8 (72)	147,7 (69)	149,9 (38)	151,3 (184)	
17	Бас сүйек биіктігі (базион)	136,4 (17)	131,4 (34)	136,8 (42)	132,6 (59)	132,8 (38)	131,10 (184)	
9	Маңдай қушықтығы	97,7 (29)	98,3 (51)	98,0 (76)	97,8 (71)	96,3 (40)	96,6 (184)	
5	Бас сүйектің табан ұзындығы	101,8 (15)	102,6 (34)	102,7 (43)	101,9 (59)	101,2 (37)	102,1 (184)	
40	Бет сүйектің табан ұзындығы	99,5 (15)	99,8 (33)	97,4 (42)	97,3 (70)	97,9 (36)	97,5 (180)	
48	Бет сүйек биіктігі	70,9 (28)	72,9 (53)	73,0 (77)	75,1 (71)	75,2 (39)	75,4 (163)	
45	Бет сүйек ені	138,2 (24)	138,7 (52)	138,7 (74)	140,9 (72)	141,8 (40)	143,6 (183)	
77	Назо-маляр бұрышы	138,8 (20)	141,4 (46)	143,2 (67)	142,2 (69)	145,5 (39)	144,4 (183)	
zm	Зиго-масилляр бұрышы	127,0 (22)	130,5 (47)	131,1 (74)	134,1 (69)	134,6 (37)	134,5 (183)	
SC	Симотика ені	9,27 (17)	9,12 (45)	8,81 (66)	8,59 (67)	7,94 (38)	8,8 (183)	
SS	Симотика биіктігі	5,23 (17)	4,80 (43)	4,61 (66)	4,19 (66)	3,75 (38)	4,05 (183)	
DC	Дакрион ені	22,15 (16)	21,83 (41)	21,59 (60)	21,89 (65)	21,51 (38)	22,47 (183)	
DS	Дакрион биіктігі	13,31 (16)	12,79 (38)	12,19 (60)	11,54 (65)	10,77 (38)	10,80 (183)	
54	Мұрын ені	25,75 (27)	25,7 (53)	25,8 (77)	26,2 (71)	26,3 (39)	26,84 (183)	
55	Мұрын биіктігі	51,4 (27)	52,2 (53)	51,9 (77)	54,0 (70)	55,1 (38)	54,8 (182)	
51a	Көз ұясының ені (d)	40,3 (27)	40,9 (50)	40,4 (71)	40,9 (70)	40,9 (38)	40,6 (181)	

52	Көз ұясының биіктігі	32,0 (28)	33,5 (54)	33,3 (76)	34,4 (72)	34,6 (39)	39,9 (183)
75(1)	Мұрын сүйек бұрышы	30,3 (21)	29,6 (45)	28,1 (65)	26,1 (63)	24,9 (37)	25,3 (178)
32	Маңдай профилінің бұрышы	85,1 (21)	80,3 (44)	83,3 (64)	82,7 (64)	82,1 (37)	81,6 (182)
72	Жалпы бет бұрышы	85,7 (19)	83,4 (44)	86,4 (65)	88,2 (63)	80,6 (37)	88,2 (183)

*1-кесте. Көне Қазақ жұрты мен Қазақ Елінің тұрғындарының төрт мыңжылдық бас сүйектерінің (ерлер + әйелдер) *қосындысыларының жинақталған дәуірлік орта сан көрсеткіштері*

Мартин нөмірлері	Краниометриялық атау	Хронология	Қола дәуірі	Ежелгі Темір дәуірі	Антикалық дәуір	Түркі дәуірі	«Монғол» дәуірі	Жаңа дәуір
		Автор	б.э.д. XX-IX ғғ.	б.э.д. VIII-IV ғғ.	б.э.д. III ғ. - б.э. IV ғ.	б.э. V-XII ғғ.	б.э. XIII-XV ғғ.	XVI-XX ғғ.
			Дебец, Гинзбург, Смағұлов		Гинзбург, Смағұлов		Гинзбург, Смағұлов	Смағұлов
1	Бас сүйек ұзындығы	186,6 (29)	182,5 (45)	181,4 (67)	180,5 (68)	179,9 (38)	180,7 (184)	
8	Бас сүйек ені	141,5 (29)	145,1 (45)	145,8 (72)	147,7 (69)	149,9 (38)	151,3 (184)	
17	Бас сүйек биіктігі (базис)	136,4 (17)	131,4 (34)	136,8 (42)	132,6 (59)	132,8 (38)	131,10 (184)	
9	Маңдай қушықтығы	97,7 (29)	98,3 (51)	98,0 (76)	97,8 (71)	96,3 (40)	96,6 (184)	
5	Бас сүйектің табан ұзындығы	101,8 (15)	102,6 (34)	102,7 (43)	101,9 (59)	101,2 (37)	102,1 (184)	
40	Бет сүйектің табан ұзындығы	99,5 (15)	99,8 (33)	97,4 (42)	97,3 (70)	97,9 (36)	97,5 (180)	
48	Бет сүйек биіктігі	70,9 (28)	72,9 (53)	73,0 (77)	75,1 (71)	75,2 (39)	75,4 (163)	
45	Бет сүйек ені	138,2 (24)	138,7 (52)	138,7 (74)	140,9 (72)	141,8 (40)	143,6 (183)	
77	Назо-малар бұрышы	138,8 (20)	141,4 (46)	143,2 (67)	142,2 (69)	145,5 (39)	144,4 (183)	
zm	Зиго-масилляр бұрышы	127,0 (22)	130,5 (47)	131,1 (74)	134,1 (69)	134,6 (37)	134,5 (183)	
SC	Симотика ені	9,27 (17)	9,12 (45)	8,81 (66)	8,59 (67)	7,94 (38)	8,8 (183)	
SS	Симотика биіктігі	5,23 (17)	4,80 (43)	4,61 (66)	4,19 (66)	3,75 (38)	4,05 (183)	
DC	Дакрион ені	22,15 (16)	21,83 (41)	21,59 (60)	21,89 (65)	21,51 (38)	22,47 (183)	

DS	Дакрион биіктігі	13,31 (16)	12,79 (38)	12,19 (60)	11,54 (65)	10,77 (38)	10,80 (183)
54	Мұрын ені	25,75 (27)	25,7 (53)	25,8 (77)	26,2 (71)	26,3 (39)	26,84 (183)
55	Мұрын биіктігі	51,4 (27)	52,2 (53)	51,9 (77)	54,0 (70)	55,1 (38)	54,8 (182)
51a	Көз ұясының ені (d)	40,3 (27)	40,9 (50)	40,4 (71)	40,9 (70)	40,9 (38)	40,6 (181)
52	Көз ұясының биіктігі	32,0 (28)	33,5 (54)	33,3 (76)	34,4 (72)	34,6 (39)	39,9 (183)
75(1)	Мұрын сүйек бұрышы	30,3 (21)	29,6 (45)	28,1 (65)	26,1 (63)	24,9 (37)	25,3 (178)
32	Маңдай профилінің бұрышы	85,1 (21)	80,3 (44)	83,3 (64)	82,7 (64)	82,1 (37)	81,6 (182)
72	Жалпы бет бұрышы	85,7 (19)	83,4 (44)	86,4 (65)	88,2 (63)	80,6 (37)	88,2 (183)

Мұндағы алынған краниологиялық белгілердің нәтижелеріне сүйеніп айтатын болсақ, онда жергілікті тайпаларда шартты монғолоид элементінің үлесі 15%-ды құрайтыны анықталды. Ал 85% көлеміндегі ауқымды антропологиялық типті қола дәуірі кезіндегі еуропеид компоненті құраған. Бұл арада Көне Қазақ жұртындағы ежелгі темір дәуірі тайпаларының алғаш рет азиялық расаның ықпалына ұшырағаны байқалады. Сөйтіп ежелгі темір дәуірінде тайпалар арасында еуропеид пен монғолоид элементтерінің араласу процесі бастау алғаны аян болып отыр. Бұл дәуірде расогенездік араласу барысы көне жұртымыздың барлық жерінде бірдей өтті деп толық айта алмаймыз. Бұл антропологиялық үрдістің көрінісін екі ер адамның (бірісі Жетісу өңірінен, екіншісі Шығыс Қазақстан аймағынан) бас сүйектері арқылы антропологиялық қалпына келтірілген (Мәскеудегі М. Герасимов зертханасында) бюстерінен айқын байқай аламыз (қараңыз: 4-5 суреттер). Аталмыш дәуірде мұндай бейне мүсіндер Көне Қазақ жұртының көп жерлерінде таралым алғанын зерттелген краниологиялық сериялар растайды.

Осы тұрғыдағы арнайы антропологиялық ізденістерді көне жұртымыздың келесі **антикалық** кезеңіне (б.з.б. III ғ. – б.з.-дың IV ғ.) жататын тайпалар сериясына да жүргіздік (1-кесте). Мұндағы антропологиялық зерттеу талабы – бір жағынан көне жұртымыздың ежелгі темір дәуірі мен антикалық дәуір тұрғындары арасындағы ұрпақ жалғастығын анықтау еді. Екінші жағынан жоғарыда аталған монғолоид тектес тайпалардың антропологиялық тұрғыда кірмелік жасау үрдісінің жалғастығын байқау болып табылады. Антикалық дәуірге орай көне жұртымыздан екі жыныс бойынша краниологиялық материалдар саны әлдеқайда мол жиналды. Енді осы краниологиялық серияларға назар аударайық. Мұндағы жиналған ерлер бас сүйектерінің морфологиялық анықтамаларына қарағанда аталмыш екі дәуір тұрғындары арасындағы ұрпақтар жалғастығы үзіліссіз болғандығы ешбір күмән туғызбайды. Оның көрінісін таксономиялық мәні жоғары краниологиялық атаулардан еркін аңғара аламыз. Дәуірлік тарихи даму сатыларына орай, көне жұртымызда антикалық дәуір тайпалары морфологиясында бұрынғыдай еуропеид компонентінің негізгі ерекшеліктері сақталып

қалғаны байқалады. Мұны краниологиялық зерттеу арқылы алынған бас пен бет сүйектер өлшемдерінің нәтижелерінен айқын көре аламыз. Сонымен қатар көне жұртымыздың краниологиялық сериясында дәуірлік даму өзгерістерінің де орын алғаны нақты сезіледі. Мұндағы краниологиялық анықтамалардың даму жолдары бұрынғы бағытта жүргені және метистік араласу процесі аталмыш дәуірде де жалғастығын тапқанын айқын айғақтайды. Жалпы бұл дәуірде кірмелік жасаған монғолоид үлесінің деңгейі 25% құрайды. Аталмыш антропологиялық көріністерді бас сүйек арқылы қайта қалпына келтірілген тайпалардың бейнелерінен де аңғару қиын емес. Оны мына бір келтіріліп отырған антикалық дәуір тайпаларының кейбір өкілдерінен айқын көре аламыз (қараңыз: 6-7 суреттер).

Көне Қазақ жұртында антикалық дәуірден кейін тарихи аренаға *түркі* дәуірі тайпалары келеді (V-XII ғғ.). Бұл дәуірдің бүгінгі күнде Қазақ Елінің көптеген жерлерінен краниологиялық сериялары жинақталған. Енді осы дәуірге орай алынған краниологиялық серияның шоғырланған орта көрсеткіштеріне назар салайық (қараңыз: 1-кесте).

Мұндағы екі жыныс бойынша алынған краниометриялық сериялардың анықтамаларына қарағанда көне жұртымыздағы түркі дәуірі тұрғындарының морфологиялық құрылымы негізінен жергілікті тайпалардың қатарына жататындығы аян болып отыр. Бұл арада екі бірдей антропологиялық ерекшеліктерді байқай аламыз. Біріншісі – олардың серияларындағы таксономиялық атауларының көрсеткіштері көлемі жағынан бұдан бұрынғы антикалық дәуірдегі тайпалардың ерекшеліктерімен өте ұқсас, яғни бұл екі дәуір тұрғындарының арасындағы ұрпақтар жалғастығы орын алғандығын айғақтайды. Екіншісі – бас сүйек серияларындағы ерекшелік, яғни азиялық раса өкілдерімен метистік араласу процесі бұрынғы дәуірмен салыстырғанда ықпалды түрде жүргенін байқатады. Осы кезеңге қарай Көне Қазақ жұртындағы тайпалардың монғолоидтық шартты үлес көлемі 50%-ды құрайтыны анықталды. Былайша айтқанда, аталмыш дәуірде жергілікті тұрғындар арасында еуропеоид пен монғолоид элементтерінің көлемі 50 де 50% болғандығын көрсетеді. Бірақ бұл дәуірде кейбір аймақтарда монғолоид үлесінің 70%-ға дейін көтерілген көрсеткіші де кездеседі (мәселен, Солтүстік Қазақстан аумағы). Аталмыш дәуірге орай тайпалардың негізгі морфологиялық бейне көрінісінің ерекшеліктерін мына беріліп отырған суреттен анық байқауға болады (қараңыз: 8-сурет).

Көне жұртымызда түркі дәуірінен кейін тарихи аренаға *монғолдар* шығып, жергілікті тайпаларды басқару жүйесі солардың қолына көшкені мәлім. Бұл дәуірдің хронологиялық уақыт мерзімі ортағасырдың соңы (XIII–XV ғғ.) қамтиды. Шыңғысхан билігі кезіндегі тұрғындарға байланысты краниологиялық жиынтық археологиялық қазба жұмысы барысында Қазақ Елінің біраз өңірінен жиналынды. Олардың жинақталынған орта көрсеткіштері 1-кестеде беріліп отыр. Бұл краниологиялық серияны екі жыныс бойынша зерттеу нәтижелеріне қарағанда, жергілікті тайпалар кірмелік жасаған монғолдармен кеңінен араласқандары байқалады. Соның салдарынан жергілікті тайпалардың морфологиялық құрылымына азиялық раса элементі айтарлықтай әсер еткен. Дегенмен де бұл дәуірдегі жергілікті тайпалардың ата-бабаларының нәсілдік қорын негіз етіп келе жатқаны морфологиялық құрылымының ерекшеліктерінен айқын көрінеді.

Аталмыш кезеңде жұртымызда метистік араласу қарқыны қандай деңгейде болғандығын анықтау үшін Г.Ф.Дебецтің әдістемесін кеңінен пайдаландық. Бұл әдістеме қорытындысында алынған краниологиялық сериядағы кірмелік жасаған монғолдардың шарттық үлесі 20% көлемінде болып шықты. Бұл анықтамаға сүйеніп, Елімізге кірмелік жасаған монғолдардың жалпы саны көп болды деп айта алмаймыз. Алайда

антропологиялық тұрғыдан алып қарағанда монголоид үлесінің 20% өсуі салдарынан жергілікті тайпалардың морфологиялық құрылымында азиялық расалық элемент басым түсіп 70%-ға дейін көтерілген. Сөйтіп алғаш рет осы кезеңнен бастап Көне Қазақ жұртының тұрғындары арасында монголоид элементі басымдылық жасайды. Қалған морфологиялық үлесті қола дәуірінен бері сақталып келе жатқан еуропеид компоненті (30%) құраған. Былайша айтқанда бұл арада мыңдаған жылдар бойы кең-байтақ қазақ жұртында ата- бабаларымыздың нәсілдік қоры үзілместен, оның 1/3 үлесі бүгінгі таңда да сақталып қалғанын айқын көре аламыз. Жалпы «монғол» дәуіріндегі жергілікті тұрғындардың негізгі антропологиялық көріністерін мына бір беріліп отырған бас сүйек арқылы қайта қалпына келтірілген бюстен айқын байқауға болады (*қараңыз: 9–сурет*).

Жоғарыда келтірілген краниологиялық ізденістер толығымен *бүгінгі қазақтардың* да бас сүйектеріне жүргізілді (*қараңыз: 1-кесте*). Ондағы алынған ғылыми нәтижелерге қарағанда ортағасырлардағы тайпалар мен бүгінгі қазақтар арасындағы өзара морфологиялық ұқсастықтары сондай, оларды бірегей популяциялар қатарына жатқызуға болады. Сондықтан қазақтарға тән антропологиялық тип XIV–XV ғасырларда қалыптасты деп толық айта аламыз.

Сонымен қатар, бүгінгі қазақ халқының кешенді антропологиялық зерттеу нәтижелеріне назар аударатын болсақ, онда оның морфофизиологиялық құрылымында көне заман еуропеид компонентінің үлесі 30%, ал қалған 70%-ды монголоид типі құрайтыны және Еуразия масштабында оның өзіндік дара антропологиялық статусы барлығы әлемдік ғылыми айналымға толық енгізілді [4]. Бұл арада қорытынды ретінде жоғарыда айтылған еуропеид пен монголоидтық расалар қарым-қатынастарының даму жолдары әрбір тарихи дәуірлерге орай арнайы график бойынша беріліп отыр (*қараңыз: 10-сурет*). Мұндағы көрініске қарағанда 20 ғасыр бойы метистік араласу процесі тек Қазақ Елінің жерінде ғана өткенін айқын айғақтайды және бұл расалық даму жолы тек қазақ халқының қалыптасуына бағытталынды. Сөйтіп бүгінгі егеменді қазақ халқы өз жері мен өз елінде биоәлеуметтік ата-бабаларымен генетикалық үзілмес сабақтастығы арқасында мекен етіп келе жатқанына төрт мыңжылдық этноантропологиялық тарихы бар республикамыздағы бірден-бір ұлт екендігі бүкіл әлемге әйгілі болып отыр.

Ал енді қазақ халқының осындай ғылыми мызғымас артефактілері әлем деңгейінде танымал болып отырғанда, бүгінгі таңда оның тарихи ұлттық болмысын жоққа шығаруға ашықтан-ашық ұмтылыс жасап жүрген еуроцентристер мен кейбір саясаткерлерге не деуге болады? Мұндай бағыттың алдыңғы қатарында бүгінгі Ресей академигі, Этнология мен антропология институтының директоры В.А.Тишковтің болғаны бізді қатты қынжылтады. Бұл Институтта оның ғылыми ұжымы маған өткен ғасырдың 60-жылдарының басында антропология мамандығы бойынша аспирантура бітіріп шығуына үлкен жәрдемін тигізген болатын. Ол кезде Институт директоры танымал ғалым Ресей Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, профессор С.П.Толстов еді. Ол қайтыс болғаннан кейін аталмыш Институт директоры болып белгілі этнолог, академик Ю.В.Бромлей тағайындалды. Олар Орта Азия мен Қазақстанның этникалық тарихына арнап бірқатар құнды еңбектер жария еткен болатын. Ол еңбектер бүгінгі күнге дейін ғылыми маңызын жоғалтқан емес.

Институттың бүгінгі директоры В.А.Тишков 2005 және 2008 жылдары өзінің «Этнология и политика» атты еңбегін баспадан екі рет басып шығарды. Шынтауайтына келгенде, негізінде бұл кітап аталмыш автордың Ресей Федерациясының әр аймақтарында шығатын газеттер бетінде жарияланған мақалаларының жиынтығынан құрастырылды. Әлемде газеттің қандай түрі болмасын онда жарияланған мақалалар ешуақытта ғылыми-зерттеу категориясы қатарына жатпайтыны мәлім. В.А.Тишков өз еңбегінде ешбір

ғылыми дәлелсіз бүгінгі қазақ ұлтының өткені мен келешегі туралы былай деп жазады: «Нет и никогда не будет государства казахской нации или государства латышской нации, а есть и будет все больше укрепляться единственный возможный вариант: государства латвийской и казахстанской нации» [5]. Осы арада қазақ халқының мыңдаған жылдар бойы этникалық- ұлттық даму сатыларына өзінше баға беріп, кесіп айтатындай және оның бәрін жоққа шығаратындай құжаттарды бұл автор қайдан, қалай қолына түсіре алды екен деген сауал туындайды. Бұдан кейін оның қазақ тарихына орай жазғандарымен танысу үшін арнайы ізденістер жүргіздік. Бұл бағытта ештеңе таба алмадық. Тек тапқанымыз В.А.Тишковтің Ресей Думасында сөйлеген сөзі туралы 2007 жылы Мәскеу қаласындағы «Луч» атты баспаның редакторы А.Н.Масловтың жазғанына ғана қолымыз жетті. Аталмыш баспадан шыққан Балановскаялардың «Русский генофонд на Русской равнине» атты кітабына А.Н.Маслов баспа атынан мына төмендегіалғысөз жазған: «...однажды на слушаниях по русской культуре в Государственной думе выступил директор Института этнологии и антропологии им. Н.Н.Миклухо-Маклая (яғни В.А.Тишков – *авт.*) и заявил, что русских никаких нет, а есть только русскоговорящие; остался мол только русский язык как средство межнационального общения. Этот русскоговорящий «гражданин» целый час пытался доказать русским, что их нет. Надо заметить, что его теория разошлась с практикой уже на заседании: «господин», который вел слушания, как выяснилось, хорошо различал русских и нерусских – ни одному русскому слово он не дал» [6]. В.А.Тишковтің әрбір халықтың ұлттық болмысын жоққа шығаратын ғылыми-дәйексіз сөздері жалған ақпарат екені анық. Амал не, бұл автордың қазақ пен латыш, орыс, т.б. туралы үзілді-кесілді саяси демагогиялық жалған сөздері кейбір ғалымдардың көңілінен шығатыны да байқалады. Республикамызда В.А.Тишковтің айтқандарына қосылып бұл күнде ұрандатып жүрген тарихшылар да жоқ емес. Кейбір саясаткерлердің айтуынша, тіпті «ұлт» деген атау әдепсіз сөз сияқты, оны ауызға алуға да болмайды екен. Бұлардың бұл аяқ алыстарына қарағанда ендігі кезекте «ұлт» деген сөзге тыйым салу қалған көрінеді. Сөйтіп бүгінгі саясаткерлердің пікірінше, бұдан былай әлемдегі тарихи қалыптасқан адамдар қауымын ғылыми категориялық мағынада емес, әншейін тек «тобырлар тобы» деп атау ғана қалған. Республикамыздағы осы бағыттағы ғалымдардың қатарында саяси ғылымдарының докторы К.Л.Сыроешкинді атауға болады. Ол өзінің «Бәйтерек» атты журналға берген ресми сұхбатында ашықтан-ашық былай деп айтқан: «Значительное воздействие на умы... оказывает неверное толкование понятие, «нация»...Поэтому первый шаг, который должен сделать и политики, и ученые – это перестать употреблять понятие «нация» в этнокультурном смысле» [7]. Ұлт мәселесіне байланысты Сыроешкиннің Тишковтің теориясымен қабысқаны сондай, оның ұлтқа қатысты айтқан қағидаларын толығымен қуаттап отыр. Сыроешкин өз ойын мына тұрғыда ешбір қысылмастан ашық айтады: «Здесь я полностью солидарен с предложением Тишкова, по мнению котрого, нация – это политический лозунг и средство мобилизации, а вовсе не научная категория» [8]. Сонда Сыроешкиннің бұл теориясымағын қалай түсінеміз? Мыңдаған жылдар бойы тарихи қалыптасқан, әлемдік өркениеттердің іргетасын қалаған Қытай, Грекия, Италия, Иран, Индия және т.б. елдердің бұл күнде ұлттық мемлекеттерін құрып отырғандарын не деп айтуға болады екен? Бүгінгі әлемдегі 200-ден астам ұлттардың басын құрап отырған халықаралық БҰҰ атын бұл саясаткерлер қалай деп атамақшы? Бұл жерде бір қызығы – этнотарихи қалыптасқан халық қауымдастығының ғылыми категориялық анықтамасын дәлелсіз жоққа шығарып, өздерінің жеке басы ғылыми атақтарын сақтап қалғандарын не деуге болады? Бұл саясаткерлердің қоғамдағы тарихи ұлттық бірлікті сақтау тәсілін білмейтіндіктері және олардың ұлт категориясының анықтамасын түсінбейтіндігі барынша аян болып отыр.

Осы сияқты бұрмалаушылық пен түсінбеушіліктің бұл күнде, өкінішке қарай, қазақ халқының этникалық қалыптасуы мен шығу тегіне де қатысты орын алып келе жатқаны

оқырман қауымды еріксіз аландатады. Өйткені халқымыздың қайдан шыққанын білмесек, онда оның қайда бара жатқанын қалай болжай аламыз?! Бұл мәселе туралы мән-жайды жоғарыда кешенді антропологиялық зерттеулер арқылы талдап өттік. Сондықтан гуманитарлық ғылым саласындағы негізгі қырларына назар салып өтейік.

Қазақ халқының шығу тегін іздеу барысы ұзақ жылдар бойы тек «қазақ» терминінің төңірегінде ғана болғаны және оның өзі мифтер мен жалған деректерге сүйеніп жүргізілгені мәлім. Соның салдарынан қазақ ұлтының этногенездік ізденістері соңғы үш ғасыр бойы мифтік деңгей мен бұрмалаушылық бағыттан асып кете алмаған еді. Осындай дәйексіз тұрғыдағы тарихи ұғымдар кейбір авторлардың еңбектерінде көрініс тапқан. Олардың қазақ халқының этногенезі мен расогенезіне байланысты жазғандары ешбір сын көтермейтін, түбірінен қате ұғымдар екенін байқау қиын емес. Мәселен, 2005 жылы «История Казахстана: народы и культуры» атты басылымда политолог-этнолог Н.Э.Масанов былай деп жазады: «По своему расовому типу андроновцы были еуропеоидами кавказионского типа...» [10]. Бұл арада автор екі бірдей ғылыми анықтаманы шатастырып отыр. Біріншісі, Көне Қазақ жұртының қола дәуірінде «Андронов» деген тайпалардың этникалық атауы ол кезде болмағаны анық. Ал бұл термин тек археологиялық ескерткіштің атауы ғана болып саналады және оны ешуақытта тайпалар атауы ретінде пайдалануға ешбір ғалымның құқығы жоқ. Екіншіден, антропология ғылымының саласында «кавказионский тип» деп аталатын терминді 1960 жылдары грузин антропологтары бүгінгі грузиндердің расалық анықтамасы ретінде пайдаланған болатын. Сонда Н.Э.Масановтың айтқанындай «Андронов» тайпасы бұдан төрт мың жыл бұрын қола дәуірінде Көне Қазақ жұртына қалай ауып келді екен? Бүгінгі грузиндердің Көне Қазақ жұртының қола дәуірі тұрғындарына тигізген антропологиялық әсерлерін қалай анықтауға болады?! Жалпы аталмыш кітапта автор бұдан басқа да көптеген антропологиялық терминді өрескел бұрмалаған. Н.Масанов өзінің соңғы еңбегінде қазақтарды тіпті халық ретінде санамай, оларды ешбір тұрақты тарихи қалыптасқан этникалық қауымдастыққа жатқызбайды. «Кто такой казах?... Групповая принадлежность человека определялось не происхождением, а только образом жизни и типом хозяйства. Если тот или иной индивидуум родился хоть за тридевять земель, но кочует среди казахов, он кочевник, он – казах. Если его же родители казахи, но живет в городе Испиджабе, он – сарт. Он не казах. Казахом был кочевник – номад» [10] деп қазақтарды бірыңғай көшпенділік тұрғысынан қарап, олардың егіншілікпен, темір қорыту ісімен, балық аулау, бау-бақша, аңшылық кәсіптерімен айналысқандықтарын ескермей айтқандары оның этнология саласынан, әсіресе қазақ халқының этникалық тарихынан хабары жоқ екендігін айқын көрсетеді.

Бұдан басқа да Н.Масановтың тарих саласындағы дәрекілігіне не деуге болады десеңші?! Бұл автор қазақ халқы мен оның ата-бабаларының этноантропологиялық даму жолдарын ашықтан-ашық бұрмалауға шейін опасыздыққа барғандығына қайран қаласың. Мұны мына бір оның жазғандарынан айқын көре аламыз: «Сторонники миграционной теории считают, что предки казахов были недавними мигрантами и довольно поздно пришли на территорию Казахстана, а сам казахский народ не имеет никакого отношения древним насельникам региона и не ведет свое происхождение от индо-иранского субстракта. Эту точку зрения так или иначе вот уже на протяжении более 200 лет поддерживать большинство исследователей» [10, 58 б.].

Еуразияның соңғы бес жүз жылдық тарихнамасында дәл осындай пікірлер қазақ халқының тарихи қалыптасуына байланысты ешбір айтылғанда және жазылғанда емес. Өйткені бұрын сонды әлем деңгейінде ХХ ғасырдың ортасына шейін қазақ халқының және оның ата-бабаларының физикалық антропологиясына бүгінгідей кешенді ғылыми зерттеулер жүргізілген емес. Ал келтіріп отырған сілтемедегі жазу ол тек қисынсыз және

дәйексіз Н.Масановтың жеке басының ойлап шығарған қазақ тарихына орай жасанды миф қатарындағы «миграциялық теория». Сондықтан аталмыш автордың бұл «теориясы» Көне Қазақ жұртының кешенді этноантропологиялық тұрғысынан алып қарағанда шындыққа таза жанаспайды да және ешбір сынды көтермейді де.

Дәл осы сияқты биологиялық терминдердің ғылыми мағыналарын түсінбей, қазақ халқының шығу тегін патологиялық жолмен пайда болды деген теориясымақ та кездеседі. Тарихшы Е.Абиль деген автордың «Этногенез казахов (опыт системного подхода)» кітабында былай деп жазылған: «...дестабилизационный, появившийся в результате начала процесса этногенеза, в том регионе (Қазақстанда – авт.) и обуславивший благоприятный фон для мутирования. Достаточно высокая жизнеспособность признака, появившихся в результате направленных мутаций привела к их закреплению в поколениях...» [11]. Аталмыш кітап авторының теориясымақ пікірі бойынша қазақтар негізінде мутанттық жолмен пайда болған халық көрінеді. Осындай ешбір ақылға сыймайтын биологиялық келеңсіздікке барудың тарихшыларға қаншалықты қажеті бар десеңізші?! Бұдан кейін бүгінгі Қазақ Елінің азаматтарын қалай ғана ұлттық-патриоттық сезімге бөлеп, бойына ұлттық болмысты дарыта аламыз?!

Сонымен қорыта айтқанда, көне замандардағы ата-бабаларымыздың магистралдық этнотарихи даму сатылары бұл күнде егемен қазақ халқының ұлттық мүддесімен тығыз ұштастырылуы қажет деген тұжырымға келеміз. Ол үшін еліміздің мыңдаған жылдар бойы тарихи қалыптасқан шаңырағын шайқалтпай, қазақ халқының болмысы мен барлық кешенді қоғамдық-мәдени құндылықтарын, елі мен жерінің тыныштығын және бірлігін, унитарлық мемлекеттік құрылымын берік сақтауымыз қажет. Бүгінгі тәуелсіз Отанымызда қазақ халқының ұлттық мүддесін толыққанды ғылыми тұрғыда қорғау тарихи ең дұрыс және ұтымды бағыттың бірі болып саналмақ. Республикамыздағы барлық этникалық қауымдар бұған барынша түсіністікпен қарауы керек.

Мұны қазақтарды ғана титулды ұлт дәрежесіне көтеру арқылы басқа этникалық топтар алдында қыр көрсету деп ұғынуға болмайды. Соңғы үш ғасыр бойы бодандықтың салдарынан Қазақ Еліне кірмелік жасаған жүздей этникалық топ өкілдерінің және әлем алдында қазақ халқы өзінің ұлттық болмысы мен рухани тазалығының қандай деңгейде екендігін толық ашып көрсете алды. Көне Қазақ жұрты мен Қазақ Елінің 4 мыңжылдық этнотарихы және Еуразияны мекендеген бірқатар ұлттардың басына төнген қиынқыстау кездерінде (3 ғасыр бойы) елі мен жеріне кірмелік жасаған көптеген этникалық топтарға мейірімділік танытқаны бұл күнде бүкіл әлем алдында аян болып отыр. Осының бәріне соңғы 20 жылдың ауқымында қол жеткізіп ашық айтылуда. Болашақта қазақ халқының этномәдени дамуы бұдан да жарқын болмақ деген үміттеміз.

Әдебиеттер

1. Смағұлов О. Қазақ халқының антропологиялық тарихы (морфофизиологиялық зерттеу). – Алматы: «Алдоңғар», 2011. – 300 б.
2. Исмагулов О. Этническая антропология Казахстана (соматологическое исследование). – Алматы, 1982. – 256 б.
3. Дебец Г.Ф. Опыт краниометрического определения доли монголоидного компонента в смешанных группах населения СССР // Проблемы антропологии и исторической этнографии Азии. – М., 1968. – 78-89 бб.
4. Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности (палеоантропологическое исследование). – Алматы. 1970. – 238 б.
5. Тишков В.А. Этнология и политика. – М., 2005. – 293-294 бб.
6. Балановская Е.В, Балановский О.П. Русский генофонд на Русской равнине. – М.: «Луч», 2007. – 3 б.
7. Сыроешкин К.Л. Интервью в журнале «Бәйтерек», 2008. №6 (33), декабрь. – 58 б.

8. Бұл да сонда.
9. Смағұлов О. Қазақ халқының антропологиялық тарихы... 257-259 бб.
10. Масанов Н.Ә., Абылхожин Ж.Б., т.б. История Казахстана: народы и культуры. – Алматы, 2000. – 57-70 бб.
11. Абиля Е. Этногенез казахов (опыт системного подхода). – Кустанай. 1997.



1-сурет: Маңғыстау өңірінің неолит дәуіріне (бұдан 7-5 мың жыл бұрын) жататын ер адамның бас сүйегі бойыша антропологиялық әдістеме арқылы қалпына келтірілген мүсін көрінісі.



2-сурет: Солтүстік Қазақстан өңірінің қола дәуіріне жататын Алексеевка қонысынан табылған әйел адамның бас сүйегі арқылы антропологиялық қалпына келтірілген мүсіні



3-сурет: Батыс Қазақстан өңірінің қола дәуіріне жататын әйел адамның бас антропологиялық қалпына келтірілген мүсіні



4-сурет: Жетісу өңірінің ежелгі темір дәуіріне жататын ер адамның бас сүйегі арқылы антропологиялық қалпына келтірілген мүсіні.





5-сурет: Шығыс Қазақстан өңірінің ежелгі темір дәуіріне жататын Берел қорымынан қазып алынған ер адамның бас сүйегі арқылы антропологиялық қалпына келтірілген мүсіні.

6-сурет: Жетісу өңірінің антикалық дәуіріне жататын ер адамның бас сүйегі арқылы антропологиялық қалпына келтірілген мүсіні.



7-сурет: Батыс Қазақстан өңірінің антикалық дәуіріне жататын әйел адамның бас сүйегі арқылы антропологиялық қалпына келтірілген мүсіні.




8-сурет: Тянь-Шань өңірінің түркі дәуіріне жататын ер адамның бас сүйегі арқылы антропологиялық қалпына келтірілген мүсіні.



9-сурет: Орталық Қазақстан жерінде ортағасыр дәуіріне жататын Алаша хан атты кесенеден қазып алынған ер адамның бас сүйегі арқылы антропологиялық қалпына келтірілген мүсіні.

10-сурет



10-сурет: Көне Қазақ жұртының ежелгі темір дәуірінен бастау алған моңғолоид элементінің краниологиялық сериялардағы шартты даму динамикасы (ерлер сериясы).